

Дүниедегі мамандық атаулының төресі – ұстаздық. Қай заманда болсын, ұстаздарға құрмет жоғары болған. «Адамның адамшылығы – жақсы ұстаздан» деп ұлы Абай айтқандай, жақсы ұстазға кезігіп, тәлім - тәрбие алған студент өмір майданында мойымай күресіп, болашақ жолдарда бағытынан таймасы анық. Өмірлік таңдауын ұстаздық даңғылдың соқпағында жүріп іскерлікпен ұштастыра білген абыройлы жандардың бірі – Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің ұстазы, магистратура бөлімінің жетекшісі, филология кафедрасының доценті Асан Бақиұлы Қайыров.



қазақ тілі, практикалық қазақ тілі кафедраларының оқытушысы қызметіне тұрдым. Сол уақыттан бері осы ұстаздық қызметте келе жатырмыз, – дейді Асан Бақиұлы.

1999 жылы кейіпкеріміз Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті жанындағы қазақ тілі, орыс тілі мамандықтары бойынша филология ғылымының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін «Қазіргі қазақ тіліндегі екі құрамды хабарлы жай сөйлемдердің құрылымдық-мағыналық модельдері» тақырыбында филология ғылымының кандидаты ғылыми дәрежесін қорғаған.

2008-2011 жылдары Батыс Қазақстан гуманитарлық академиясы, қазіргі Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінде Филология кафедрасының доценті, 2011 жылдан Батыс Қазақстан

– Ұстаз үшін шәкірттерінің жетістігін көргеннен артық марапат жоқ. Оның үстіне ұстаздың атқарған қызметі бірден нәтиже беретін жұмыс емес екендігі де шындық. Осы кезге дейін бірнеше жүздеген шәкірттерге дәріс беріп, маман ретінде қалыптасуларына бағыт беруге тырысып келеміз. Кезінде өзің дәріс берген шәкіртің саған келіп амандасып, алғысын айтып жатса, көңілің бір марқайып, төбең көкке жетеді. Өткен 2019 жылдың күзінде латын қарпіне көшу мәселесіне байланысты Жәнібек, Бөкей ордасы, Жаңақала секілді оңтүстік аудандарды аралауға шықтық. Аудан-ауылдарда кездесулер өткізгенде кезінде бізден білім алған шәкірттеріміздің бағындырған белесінің куәсі болып қайттық. Бірі ұстаз болып, жоғары жетістіктерге жетіп жатса, енді бірі мектеп директоры, мемлекеттік қызметші секілді жауапты қызметтерде жүр. Соларға

– Болашақ жарым Айгүл Серікқызымен жоғары оқу орнында танысып, бір факультетте, бір топта оқыдық. Мен Сырым ауданынан болсам, жұбайым Қызылорда облысының Қазалы ауданынан. Оқуды тәмамдап, қолымызға диплом алған жылы шаңырақ көтердік. Ол кісі ұстаздық жолын мектептен бастады. Кейін жаңадан құрылған педлицейде қазақ тілі мен өдебиетінен сабақ берді. Қазір М.Өтемісов атындағы БҚУ-да ғылыми хатшы болып қызмет жасайды. Отбасымызда бір қыз, бір ұл тәрбиеледік. Екеуі де қаладағы №38 мектепте білім алды. Қызымыз мектеп бітірген соң О.Жәутіков атындағы республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған физика-математика мектебіне оқуға түсті. Кейін Н.Назарбаев университетін тәмамдап, Сауд Арабиясындағы оқу орнына қолданбалы матема-

Мамандыққа адалдық

Иә, көкірегінде сәулесі бар әр адам «Зымыраған заманның ағымына ілесіп, жүйткіген уақыт көшінен қалып қоймай, бойымдағы барымды, көкейге жиған нәрімді елдің игілігіне жұмсасам» деп талпынары хақ. Ұстаздар жайында халқымыздың ұлы батыры Бауыржан Момышұлы «Ұстаздық – ұлы құрмет. Себебі, ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбекқор егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді... Өмірге ұрпақ берген аналарды қалай ардақтасақ, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да сондай ардақтауға міндеттіміз» деген екен. Ендеше бүгінгі жазбамызда саналы ғұмырының 30 жылға жуық уақытын маман дайындауға арнап келе жатқан Асан Қайыровтың өмірі мен еңбек жолы турасында сөз қозғамақпыз.

Асан Бақиұлы 1970 жылдың 17 шілдесі күні облыс орталығынан 80 шақырым жердегі Сырым ауданы Алғабас ауылында дүниеге келген. Әкесі Бақи 40 жылдай уақыт Алғабас ауылдық кеңесінің төрағасы, хатшысы болып еңбек еткен. Анасы отбасында дүниеге келген жеті ұл-қызға қарайлап, үй шаруашылығымен айналасқан.

– Мектепте сабақты жақсы оқыдым. Әсіресе қазақ тілі мен өдебиеті пәнін жақсы көретінмін. 1987 жылы Алғабас орта мектебін бітірдім. Бозбала шағымыз ғой. Ол кезде арман да, мақсат та көп, алдымызда сан тарау жол тұрды. Мен заңгер болам деп шештім. Сол кезде мұндай мамандыққа оқуға түсу үшін кемі екі жыл еңбек өтілінің болуы шарт еді. Қатарластарым оқуға барған жылы мен совхозға жұмысқа орналастым. Мақсатым – екі жыл жұмыс жасап, заңгерлік оқуға түсу. Жұмыс таңдамадық. Совхоз қайда жұмсаса сонда баратынбыз. Мал да бақтық, трактормен шөп шауып, жер де жырттық. Бірақ бұл жүрісім өкеме ұнай қоймаған сыңайлы. «Қарағым, сен ұстаз болсаң қайтеді? Өмір бойы жастардың арасында жүресің. Көңілің де жас болады» дейтін. Оның үстіне менен үлкен екі әлкем мен бір ағам да осы ұстаздық жолын таңдаған болатын. Мен үйдің кенжесі едім.

Алдымда екі ағам, төрт апам бар. Бір жыл совхозда жұмыс жасаған соң келер жылдың көктемінде өкемнің ықпалымен А.С.Пушкин атындағы Орал педогогикалық институтының қазақ тілі мен өдебиеті факультетіне оқуға қабылдандым. Сөйтіп заңгер болам деп армандап жүргенде болашақ ұстаз болып шыға келдім, – дейді Асақаң.

Кейіпкеріміз жоғары оқу орынының қабырғасында оқи жүріп, Серікқали Шарабасов, Отарәлі Бүркітов секілді мықты мамандардан дәріс алды. Зерек студенттің бойынан оқу-білімге деген құштарлығын байқаған ұстаздары Асанға төртінші курста оқып жүргеннің өзінде-ақ сол университетке ұстаз болуды ұсынған.

– 1991 жылы университеттегі «Қазақ тілі мен өдебиеті» кафедрасы екіге бөлініп, өз алдына бөлек кафедра атанды. Сол кезде қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі болып менің ұстазым Отарәлі Бүркітов тағайындалды. Жаңа бөлімді мамандармен қамтамасыз ету үшін ғылымға икемі бар үш жігітке университетке ұстаздық қызметке қалуды ұсынды. Сөйтіп Ғабит Хасанов, Ербол Дәулетов секілді қатарластарыммен бірге ұстаздық қызметті бастадым. Сол жылы үшеуіміз Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетіне аспирантураға жолдандық. Екі жыл аспирантураны оқып келген соң өзіміз білім алған қара шаңыраққа

инновациялық-технологиялық университетінде магистратура бөлімінің жетекшісі, Филология кафедрасының доценті ретінде еңбек етті. 2011 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің шешімімен Асан Бақиұлына тіл білімі мамандығы бойынша доцент ғылыми атағы берілді. 2008 жылдан бері Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінде қазақ тілі кафедрасының доценті қызметінде.

Отыз жылдан астам уақыт еңбек өтілінде әріптесіміз ҚР Білім және ғылым министрлігінің, бәсі биік түрлі жоғары оқу орындарының сертификаттарын иеленді. Сонымен қатар түрлі қазақстандық басылымдарға мазмұнды мақалалары жарияланып, оқу-әдістемелік жұмыстары жарыққа шықты.

Доцент Асан Қайыровтың авторлығымен «Мемлекеттік тілде іс жүргізу» және «Іскери қазақ тілі» атты оқу құралдары Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетіндегі оқу-әдістемелік секция мен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің ұсынысымен баспадан шығарылды. Ғалымның жетекшілігімен бүгінге дейін ондаған магистрант диссертацияларын қорғады.



қарап, іштей «Ә, еңбегіміз зая кетпеген екен» деп марқайып қаласың. Ал ұстаз жанға бұдан артық марапаттың қажеті жоқ, – дейді Асан Бақиұлы.

Адамның бойында жақсы қасиеттердің болуы, өнер-білімді игеруі – өскен ортаға, сонымен бірге білім беретін ұстазға байланысты. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» дегендей, ұстаздар әулеті үнемі жас ұрпақ тәрбиелеумен бірге жас мұғалімдерге де білмегенін үйретіп, бағыт-бағдар беріп отырады. Асекеңнің әулеті де осындай ұлағатты, үлгілі ұстаздар отбасының бірі.

тика пәні бойынша магистратурада оқыды. Қазіргі таңда Голландия елінде магистратуралық білім алуда. Ұлымыз Қазақ-түрік лицейін аяқтады, Алматыдағы Қазақстан-Британ техникалық университетінің жанындағы Қазақстан Теңіз академиясында оқыды. Бүгінде Алматы қаласында жеке кәсіппен айналысып жүр. Аллаға шүкір, біреуден ілгері, біреуден кейін өмір кешіп жатырмыз. Сүйікті отбасым, өзіме ұнайтын жұмысым бар. Соның өзін бір бақыт деп білемін, – дейді Асан Қайыров.

Міне, өткен жылы ердің жасы елуге толған біздің сыйлы әріптесіміздің азаматтық келбеті осындай. Еңбек жолында рухани күш-жігерін аямайтын өз кәсібін майталманы, отбасында аяулы жар, ардақты өке жуырда 51 жасқа толмақ. Ендеше ел ағасына ұрпақты тәрбиелеу мен білім беруде үлкен табыстар мен сәттілік тілейміз.

Марат АЖҒАЛИЕВ,
Батыс Қазақстан
инновациялық-
технологиялық
университеті
Педагогикалық факультет
деканы, педагогика
ғылымдарының
кандидаты, доцент

